

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ**

БЕКІТЕМІН

Басқарма төрағасы –

ректор, профессор

М.Төлеген

(басқарма отырысының

2025 ж.

« 09 » қыркүйек

№

хаттамасы)



ЕРЕЖЕ

**ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЛАРЫН (PHD) ЖӘНЕ БЕЙІНІ БОЙЫНША
ДОКТОРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ**

ШҚУ Е 019-25

Үшінші басылым

Көшірме № _____

Енгізу күні _____

Өскемен қаласы

2025 ж.

2025 ж. 09 қыркүйек №17

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 2 беті

Мазмұны

1 Жалпы ережелер.....	3
2 Нормативтік сілтемелер.....	3
3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар.....	4
4 PhD докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымы.....	5
5 PhD докторантураның білім беру бағдарламаларының мазмұны.....	6
6 Докторанттың оқу жүктемесінің максималды көлеміне қойылатын талаптар.....	8
7 Докторанттың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.....	9
8 Докторанттарды даярлауды кадрлық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар.....	10
9 Отандық және шетелдік кеңесшілерге қойылатын талаптар.....	11
10 Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы (ДФЗЖ).....	13
11 Іс-тәжірибені және ғылыми тағылымдаманы ұйымдастыруға қойылатын талаптар.....	14
12 Докторантты қорытынды аттестаттау.....	16
13 Докторантураның білім беру мерзіміне қойылатын талаптар.....	16
14 Диссертацияға қойылатын талаптар.....	17
15 Диссертациялық жұмыстарды алдын ала талқылау және сараптау.....	17
16 Жауапкершілік және өкілеттіктер.....	20
17 Өзгерістер.....	20
18 Келісу, сақтау және тарату.....	21
Қосымша 1.....	23
Қосымша 2.....	25
Қосымша 3.....	27
Қосымша 4.....	29

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 3 беті

1 Жалпы ережелер

1.1 «Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы» Ереже (бұдан әрі - ереже) «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ (бұдан әрі-Университет) кредиттік оқыту технологиясы шеңберінде PhD докторантураның және бейіндік докторантураның білім беру бағдарламаларын іске асырудың міндетті талаптары мен тәртібін айқындайды.

1.2 Ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау докторантурада философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, кемінде үш жыл оқу мерзімімен жүзеге асырылады.

1.3 Докторантурада оқу күндізгі нысанда жүзеге асырылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ереже келесі нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

2.1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы.

2.2 Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы».

2.3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы».

2.4 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы».

2.5 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы».

2.6 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығы «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы».

2.7 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылы 31 наурыздағы № 126 бұйрығы «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы».

2.8 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы».

2.9 «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ Академиялық саясаты (С.Аманжолов атындағы ШҚУ Ғылыми кеңесінің

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ	Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25 33 беттің 4 беті

28.03.2025 жылғы № 10 хаттамасымен бекітілген).

3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Ережеде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

3.1 Академиялық кезең - семестр, триместр, тоқсан үш форманың бірінде білім беру ұйымы өз бетінше белгілейтін теориялық зерттеу кезеңі.

3.2 Академиялық күнтізбе - оқу жылы ішінде демалыс күндерін (демалыстар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік іс-тәжірибелерді өткізу күнтізбесі; білім алушыларды аралық аттестаттау бұл білім алушылардың оқу аяқталғаннан кейін оқу пәнінің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында емтихан сессиясы кезеңінде өткізілетін рәсім.

3.3 Академиялық ұтқырлық - білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге (оқу немесе өндірістік іс-тәжірибеден өтуді қоса алғанда), әдетте, семестрге немесе оқу жылына, өз университеттерінде кредиттер түрінде игерілген білім беру бағдарламаларын белгіленген тәртіппен міндетті түрде қайта есепке ала отырып, оқыту немесе зерттеулер жүргізу үшін басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) ауыстыру.

3.4 Докторант - докторантурада оқитын адам.

3.5 Докторантура – білім беру бағдарламалары кемінде 180 академиялық кредитті міндетті меңгеру арқылы тиісті бағыт бойынша философия докторы (PhD) (бейіні бойынша доктор) дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогтік және (немесе) кәсіптік қызмет үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру.

3.6 Философия докторы (PhD) – ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже.

3.7 Докторлық диссертация - теориялық ережелер жиынтығын жаңа ғылыми жетістік ретінде тануға болатын немесе ғылыми мәселе шешілген, не енгізілуі елдің экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосатын ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер баяндалған, дербес зерттеу болып табылатын ғылыми жұмыс;

3.8 Кредит - бұл студенттің / оқытушының оқу жұмысы көлемінің бірыңғай өлшем бірлігі.

3.9 Кредиттік оқыту технологиясы - білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының пәндерді тандауы және реттілікпен оқуын өз бетінше жоспарлауы негізінде жүзеге асырылады.

3.10 Докторантураның білім беру бағдарламасы - докторанттарды даярлау мазмұнының жалпы сипаттамасы, олар негізінен пәндер тізбесі және

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ	Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25 33 беттің 5 беті

көлемі көрсетіле отырып, тиісті циклдарға біріктірілген оқу және ҒЗЖ түрлері арқылы көрсетіледі.

3.11 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау - олардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

3.12 Білім алушылардың оқу жетістіктері - білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері.

3.13 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау - білім деңгейін жоғары оқу орны дербес анықтайтын әртүрлі бақылау түрлері (ағымдық, аралық және қорытынды) мен аттестаттау арқылы тексеру.

3.14 Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау - академиялық кезең ішінде оқытушымен аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда өткізілетін оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың білімін жүйелі тексеру.

3.15 Эдвайзер (Advisor) - білім алушының сәйкес мамандығы бойынша академиялық жетекшісі болып табылатын, білім алу траекториясын таңдауда (жеке оқу жоспарын жасауда) және оқу кезеңінде білім бағдарламасын меңгеруде көмектесіп отыратын оқытушы.

МЖМБС - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

СІҚЕЖ - сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі;

СІҚЕЖЖБӨ - сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі;

СХЫЖАБ - стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі;

ҚҚЕжББ - құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі;

ЖООКБББ - жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі;

АСжБББД - академиялық саясат және білім беру бағдарламаларын басқару департаменті;

ҚББ - құрылымдық бөлімшенің басшысы;

ШҚУ ҚР - университеттің құжатталған рәсімі.

4 PhD докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымы

4.1 Докторантураның білім беру бағдарламалары модульдік оқыту принципі бойынша құрылады.

4.2 Философия докторын (PhD) даярлаудың білім беру бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағытқа ие және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі мен ғылыми сала үшін ғылымның тиісті бағыттары бойынша іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеу даярлығы мен пәндерді тереңдетіп зерделеуді көздейді.

4.3 Бейіні бойынша доктор даярлаудың білім беру бағдарламасы ұлттық экономика, әлеуметтік сала: білім беру, медицина, құқық, өнер, экономика,

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 6 беті

іскерлік - басқару салалары және ұлттық қауіпсіздік пен әскери іс саласы үшін ғылымның тиісті бағыттары бойынша іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеу даярлығын және пәндерді тереңдетіп оқытады.

4.4 Білім беру бағдарламалары оқытудың нәтижелеріне бағытталуы керек.

4.5 Докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымы екі компоненттен тұрады: білім беру мазмұнын анықтайтын білім беру және ғылыми.

4.6 Жұмыстың барлық түрлерінің еңбек сыйымдылығын есепке алу игерілген материалдың көлемі бойынша жүзеге асырылады және оқытудың нақты нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті докторанттар мен оқытушылардың еңбек шығындарының өлшем бірлігі болып табылатын кредиттермен өлшенеді. Бұл ретте білім берудің алдыңғы деңгейлерінде игерілген кредиттерді ескеретін жинақтаушы кредиттік жүйе жұмыс істейді.

4.7 Докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету мақсатында оларға басқа білім беру немесе ғылым ұйымдарында, оның ішінде шетелде кредиттерді игеру мүмкіндігі беріледі.

4.8 Университет докторантурасындағы оқу жылы академиялық кезеңдерден, оның ішінде ғылыми-зерттеу жұмысынан (эксперименттік-зерттеу), аралық аттестаттау/қорытынды бақылау кезеңінен, іс-тәжірибеден, қорытынды аттестаттаудан және демалыстан тұрады.

4.9 Академиялық кезең: Университет белгілейтін теориялық оқыту кезеңі-семестр.

4.10 Аралық аттестаттаудың/қорытынды бақылаудың ұзақтығы әрбір академиялық кезеңнен кейін кемінде 1 аптаны құрайды.

4.11 Оқу жылындағы демалыс ұзақтығы кемінде 7 аптаны құрайды.

4.12 Білім беру бағдарламасының ғылыми компоненті докторанттың ғылыми-зерттеу (тәжірибелік) жұмысынан, ғылыми жарияланымдардан және докторлық диссертация жазудан құралады.

4.13 PhD философия докторларын (бейіні бойынша докторларды) даярлау бойынша білім беру процесі аяқталуының негізгі критерийі докторанттың оқу және ғылыми қызметтің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 180 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

5 PhD докторантураның білім беру бағдарламаларының мазмұны

5.1 Докторантураның білім беру бағдарламасы қамтиды:

5.1.1 базалық және бейіндік пәндер циклін оқытуды қамтитын теориялық оқыту;

5.1.2 докторанттардың тәжірибелік дайындығы: әртүрлі кәсіби тәжірибелер, ғылыми тағылымдамалар;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 7 беті

5.1.3 зерттеу (тәжірибелік зерттеу) жұмысы, оның ішінде докторлық диссертацияны орындау;

5.1.4 аралық және қорытынды аттестаттау.

5.2 Теориялық оқыту докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 45 академиялық кредитті құрайды және жоғары оқу орны компонентінің (бұдан әрі – ЖК) және таңдау компонентінің (бұдан әрі – ТК) пәндерін, практиканы қамтитын базалық (бұдан әрі – ПБ) және бейіндеуші пәндер (бұдан әрі – БП) циклдерінен тұрады. Бұл ретте ПБ және БП көлемінің арақатынасын университет дербес айқындайды.

5.3 ЖК және ТК пәндерінің тізбесін университет дербес айқындайды. Бұл ретте еңбек нарығының қажеттіліктері, жұмыс берушілердің сұранысы, докторанттардың қажеттіліктері мен мүдделері ескеріледі.

5.4 Пәндер мен модульдердің бағдарламалары, әдетте, пәнаралық және көпсалалы сипатта болады, бірқатар білім салаларының қиылысында оқытуды қамтамасыз етеді.

5.5 PhD докторантурада кадрлар даярлау магистратураның білім беру бағдарламалары негізінде, бейіндік докторантурада немесе бейіндік магистратураға теңестірілген жоғары арнайы білім беру базасында жүзеге асырылады. Бұл ретте докторантураның білім беру бағдарламасының бейіндік магистратура бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда, алдыңғы білім беру деңгейінің оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады; докторантураның білім беру бағдарламасының бейіндік магистратура бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда докторантқа игеру үшін пререквизиттер белгіленеді.

5.6 Қажетті пререквизиттер тізбесін және оларды игеру мерзімдерін жоғары оқу орындары дербес айқындайды. Пререквизиттер ақылы меңгеріледі.

5.7 Бейіндік бағыттағы магистр PhD докторантураға түскен кезде оған пререквизиттер ретінде ғылыми-педагогикалық магистратураның педагогикалық бейінінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы қосымша белгіленеді.

5.8 Докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымы 1-кестеге сәйкес белгіленеді.

№ п/п	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағаттарда	академиялық кредиттерде
1	2	3	4
1.	Теориялық оқыту	1350	45
1.1	Базалық пәндер циклі (БП) 1) академиялық жазу 2) ғылыми зерттеу әдістері		
1)	Университет компоненті және (немесе) таңдау компоненті		

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 8 беті

2)	Педагогикалық іс-тәжірибесі	Кем емес 300	Кем емес 10
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі (БП)		
1)	Университет компоненті және (немесе) тандау компоненті		
2)	Зерттеу іс-тәжірибесі	Кем емес 300	Кем емес 10
2	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы (ДҒЗЖ)	3690	123
1)	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қоса алғанда, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы		
3	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
4	Қорытынды аттестаттау (ҚА)	360	12
1)	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	360	12
	Жиыны	кем емес 5400	кем емес 180

5.9 Жыл сайын, оқу жылының соңында докторант жеке жұмыс жоспарын орындау үшін академиялық аттестаттаудан өтеді.

6 Докторанттың оқу жүктемесінің максималды көлеміне қойылатын талаптар

6.1 Оқу жүктемесі докторанттың оқу пәнін, модулін немесе докторантураның бүкіл білім беру бағдарламасын зерделеуіне кететін және оның оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажет болатын уақытпен өлшенеді.

6.2 Оқу жүктемесіне докторанттың оқу қызметі, ғылыми-зерттеу жұмысы (эксперименттік-зерттеу жұмысы), докторлық диссертация жазу және қорғау кіреді.

6.3 Докторант ғылыми консультанттардың жетекшілігімен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде оқиды. Университет докторанттың жеке жұмыс жоспарының құрылымын дербес анықтайды. Докторанттың жеке жұмыс жоспары келесі бөлімдерді қамтиды:

6.3.1 ғылыми-зерттеу, эксперименттік-зерттеу жұмысы (зерттеу тақырыбы, бағыты, мерзімі мен есеп беру нысаны);

6.3.2 практика (бағдарламасы, бағасы, мерзімі және есеп беру түрі);

6.3.3 негіздемесі мен құрылымы көрсетілген докторлық диссертацияның тақырыбы;

6.3.4 докторлық диссертацияны орындау жоспары;

6.3.5 ғылыми басылымдар мен тағылымдамадан өту, оның ішінде шетелдік тағылымдамадан өту жоспары.

6.4 Докторанттың оқу жүктемесін анықтау кезінде оқу жылы нысанын университет немесе ғылыми ұйым анықтайтын академиялық кезеңдерден (семестр – 15 апта, триместр – 10 апта, тоқсан – 7-8 апта), қорытынды аттестаттау кезеңінен (бітіруші курста) тұратындығы ескеріледі. Бір оқу

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 9 беті

жылының толық оқу жүктемесі 60 кредитке тең және бір оқу жылында 1800 академиялық сағатта сәйкес келеді. Бұл ретте бір семестр ішінде докторант 30 академиялық кредитті меңгереді.

6.5 Докторанттардың оқу жетістіктері үлгерімнің ағымдық мониторингі, аралық және қорытынды аттестаттау ережелерімен анықталған бақылау мен сертификаттаудың әртүрлі формаларын қолдана отырып бағаланады. Білімді бағалау баллдық-рейтингтік әріптер жүйесі бойынша жүзеге асырылады.

6.6 Докторанттың оқу жүктемесін айқындау кезінде оқу жылы нысанын ЖЖОКБҰ немесе ғылыми ұйым айқындайтын академиялық кезеңдерден (семестр – 15 апта, триместр – 10 апта, тоқсан – 7-8 апта), қорытынды аттестаттау кезеңінен (бітіруші курста) тұратындығы ескеріледі.

6.7 Философия докторларын (PhD) (бейіні бойынша докторлар даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталғандығының негізгі өлшемшарты докторанттың оқу және ғылыми қызметтің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 180 академиялық кредитті игеруі болып табылады. Докторантураның білім беру бағдарламасын мерзімінен бұрын меңгерген және диссертациясын нәтижелі қорғаған докторантқа философия докторы (PhD) немесе оқу мерзіміне қарамастан бейіні бойынша доктор дәрежесі беріледі.

7 Докторанттың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

7.1 Докторанттың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білім берудің үшінші дәрежелі Дублин дескрипторлары (докторантура) негізінде анықталады және оқыту нәтижелері арқылы меңгерген құзыреттіліктерін көрсетеді.

7.2 Оқыту нәтижелері барлық білім беру бағдарламасы деңгейінде де, сондай-ақ жеке модульдер немесе оқу пәндері деңгейінде де қалыптасады.

7.3 Еуропалық жоғары білім беру кеңістігі Біліктіліктің кешенді негіздері шеңберіндегі үшінші деңгейлі дескрипторлар білім алушының мынадай қабілеттерін көрсететін оқыту нәтижелерін айқындайды:

7.3.1 зерттеу саласын жүйелі түрде түсінгенін көрсету, осы салада қолданылатын дағдылар мен зерттеу әдістерін меңгеру;

7.3.2 маңызды ғылыми процестерді ғылыми көзқараспен ойлау, жобалау, енгізу және бейімдеу қабілетін көрсету;

7.3.3 ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялауға лайық ғылым саласының шекарасын кеңейтуге өздерінің түпнұсқа зерттеулерін енгізу;

7.3.4 жаңа және күрделі идеяларды сыни талдау, бағалау және синтездеу;

7.3.5 өздерінің білімдері мен жетістіктерін әріптестеріне, ғылыми қоғамдастыққа және жалпы жұртшылыққа жеткізу;

7.3.6 білімге негізделген қоғамның технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени дамуында академиялық және кәсіптік тұрғыда дамытуға жәрдемдесу.

7.4 Докторантураның білім беру бағдарламасын меңгерген және

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 10 беті

сараптама нәтижелері бойынша ерекше мәртебесі бар жоғары оқу орындарының диссертациялық кеңестерінің немесе Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің оң шешімімен докторлық диссертациясын қорғаған тұлғаларға философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі беріледі және «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығына сәйкес диплом және оның қосымшасы (транскрипт) беріледі.

7.5 PhD докторы дәрежесін алған тұлға ғылыми білімін тереңдету, мамандандырылған тақырып бойынша ғылыми және қолданбалы мәселелерді шешу үшін жоғары оқу орны таңдаған жетекші ғалымның басшылығымен постдокторлық бағдарламаны орындайды немесе ғылыми зерттеулер жүргізеді.

7.6 Бейінді докторантураның түлегі педагогикалық бейін пәндерінің циклін меңгерген және педагогикалық практикадан өткен жағдайда ғана ғылыми және педагогикалық қызметпен айналысады. Бұл цикл қосымша академиялық кезеңде игеріледі (егер докторантураның білім беру бағдарламасында қарастырылмаса), оны аяқтағаннан кейін негізгі дипломға тиісті сертификат беріледі.

7.7 Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқу курсы толтық меңгерген, бірақ ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындамаған докторантқа ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) академиялық кредиттерін қайта меңгеруге және келесі жылдары диссертацияны ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

7.8 Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқу курсы толтық меңгерген, ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындаған, бірақ докторлық диссертация (жоба) қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері және академиялық кредиттер беріледі және диссертациясын бітіргеннен кейін екі жыл ішінде тегін қорғауға, ал келесі жылдары кемінде 4 академиялық кредит көлемінде ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

7.9 Бұл ретте докторант бітіргеннен кейін 3 жыл өткен соң ақылы негізде диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal) қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғауға жіберіледі.

8 Докторанттарды даярлауды кадрлармен қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

8.1 Университеттің кадрлық қамтамасыз етілуіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген, білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес айқындалады.

8.2 Докторантурада оқытуды жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, ғылым кандидаты немесе философия докторы (PhD) / бейіні

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 11 беті

бойынша доктор ғылыми дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы бар, олар ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен берілген немесе танылған, оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес келетін оқытушылар жүзеге асыруы тиіс.

8.3 Кадрлар даярлау бағыты бойынша білім беру процесін жүзеге асыратын оқытушылардың жалпы санының кемінде 80 %-ын негізгі жұмыс орны университет болып табылатын, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган берген немесе мойындаған ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы (PhD) / бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы бар профессорлық-оқытушылық құрам өкілдері құрауы тиіс.

8.4 Докторантураға оқуға түскеннен кейін екі ай ішінде докторлық диссертацияны жүргізу үшін докторантка ғылыми жетекші тағайындалады.

8.5 Ғылыми консультанттар Ғылыми кеңестің шешімі негізінде университеттің басқарма төрағасы -ректордың бұйрығымен бекітіледі.

8.6 Философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші докторанттарға ғылыми жетекшілік етуді кемінде 2 адамнан тұратын консультанттар жүзеге асырады, олардың бірі шетелдік университет ғалымы болады.

8.7 Ғылыми консультанттар докторлық диссертацияның орындалуына және академиялық адалдық принциптерінің сақталуына және диссертациялық жұмыстың қорғауға уақытылы ұсынылуын қамтамсыз етеді.

9 Отандық және шетелдік кеңесшілерге қойылатын талаптар

9.1 Отандық ғылыми кеңесші:

9.1.1 Білім беру бағдарламасына және философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор даярлау бейініне сәйкес келетін ғылыми бағыттағы жетекші ғалымдардың бірі болуы керек.

9.1.2 Ғылыми дәрежесі және (немесе) (PhD) философия докторы /бейіні бойынша доктор (академиялық) дәрежесі бар:

- 8D05 «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», 8D06 «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» кадрларды даярлау бағыттары бойынша Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор коллекция), JCR (ЖСР) деректері бойынша 1, 2, 3-квартильге кіретін немесе CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын не Хирш индексі 2 (екі) және одан көп халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) мақаланың;

- кадрларды даярлаудың өзге бағыттары бойынша - соңғы бес жылда Ғылыми басылымдар тізіліміне енгізілген басылымдарда бейіні бойынша кемінде 5 (бес) ғылыми мақаланың және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded (Сайнс Цитэйшн Индекс Экспандед), Social Science Citation Index (Сошиал Сайнс Цитэйшн Индекс) или Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюмэнитис

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 12 беті

Цитэйшн Индекс) в Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базаларының бірінде индекстелетін не CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда жарияланған бейіні бойынша кемінде 1 (бір) ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушы ғылыми жетекшілікті жүзеге асыра алады.

9.1.3 Докторлық диссертацияларды ғылыми басқаруда оң тәжірибеге ие болу.

9.2 Өзінің жетекшілігімен жүргізілген диссертациялық зерттеулердің нәтижелілігіне жауап береді. Философия докторы (PhD) / бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмыстарды басқарудан шеттету немесе докторанттар санын азайту мынадай жағдайларда орын алады:

9.2.1 оның жетекшілігімен орындалған докторлық диссертация бойынша диссертациялық кеңестің теріс шешімі;

9.2.2 тиісті мерзімде оның жетекшілігімен орындалатын бір немесе одан да көп докторлық диссертацияны қорғауға дайын болмауы.

9.3 Бір ғылыми кеңесшіге бекітілетін докторанттардың жалпы саны 5 (бес) адамнан аспауы тиіс, алайда университеттің жоғары мектеп кеңесінің шешімімен жыл сайын докторанттарды диссертациялық қорғауға дейін жеткізуді қамтамасыз ететін ғылыми кеңесшілер үшін бұл сан 10 (он) адамға дейін ұлғайтылуы мүмкін.

9.4 Шетелдік ғылыми кеңесші:

9.4.1 Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесіне, не болмаса ұлттық біліктілік шеңберінің (ҰБШ) 8-деңгейінен төмен емес эквивалентті өзге ғылыми (академиялық) дәрежеге ие болу, ол философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор даярлау профиліне сәйкес келуі тиіс.

9.4.2 Осы білім саласында белсенді жұмыс істеу және PhD докторанттардың диссертацияларына ғылыми жетекшілік ету тәжірибесі болу тиіс.

9.5 Соңғы 5 (бес) жыл ішінде Web of Science Core Collection дерекқорының (Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index) JCR деректері бойынша Scopus дерекқорында индекстелетін жоғары импакт-факторлы рейтингтік халықаралық ғылыми журналдарда білім беру бағдарламасы бағытының немесе докторанттың диссертациялық зерттеуінің бейіні бойынша жарияланымдары болуы тиіс.

9.6 Шетелдік кеңесші университетке келесі толық ақпаратты ұсынады: келісім туралы өтініш, білімі, ғылыми қызметі туралы мәліметтері бар белгіленген үлгідегі түйіндеме, жарияланған ғылыми еңбектерінің тізімі.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 13 беті

10 Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы (ДҒЗЖ)

10.1 Докторантураның білім беру бағдарламасының ғылыми құрамдас бөлігі докторанттың ғылыми-зерттеу (бұдан әрі – ДҒЗЖ) немесе тәжірибелік-зерттеу жұмысынан (бұдан әрі – ДТЗЖ), Ғылыми жарияланымдардан, докторлық диссертацияны жазудан және қорғаудан қалыптасады.

10.2 Докторанттың ғылыми-зерттеу (тәжірибелік-зерттеу) жұмысының көлемі докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 123 академиялық кредитті құрайды.

10.3 Докторлық диссертацияның тақырыбы бірінші семестрде айқындалады және ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі. ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) нәтижелерін және (немесе) алынған ғылыми (эксперименттік) нәтижелерді немесе диссертациялық зерттеудің (research proposal (ресорч пропозал)) ғылыми негіздемесін қайта бекітуді ескере отырып, докторлық диссертация тақырыбын түзетуге жол беріледі.

10.4 Егер диссертациялық зерттеудің мазмұны қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді немесе мемлекеттік құпияларды, сондай-ақ коммерциялық құпияны құрайтын материалдарды қамтитын болса, тақырыпқа және диссертациялық зерттеуге заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті белгі беріледі.

10.5 Диссертациялық зерттеудің мазмұны ұлттық басымдықтарды, іргелі немесе қолданбалы зерттеулерді іске асыруға бағытталған.

10.6 Философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша білім алушының ДҒЗЖ-ға қойылатын талаптар:

10.6.1 докторлық диссертация қорғалатын докторантураның білім беру бағдарламасының негізгі мәселесіне сәйкестігі;

10.6.2 өзекті және ғылыми жаңалық пен практикалық маңыздылықты қамтиды;

10.6.3 ғылым мен практиканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделеді;

10.6.4 компьютерлік технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың заманауи әдістеріне негізделеді;

10.6.5 ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану арқылы орындалады;

10.6.6 негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерден тұрады.

10.7 Бейіндік доктор бағдарламасы бойынша білім алушының ДҒЗЖ-на қойылатын талаптар:

10.7.1 докторлық диссертация қорғалатын докторантураның білім беру бағдарламасының негізгі проблематикасына сәйкестігі;

10.7.2 өзекті және ғылыми жаңалық пен практикалық маңыздылықты қамтиды;

10.7.3 ғылымның, техниканың және өндірістің заманауи жетістіктеріне

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 14 беті

негізделеді және нақты практикалық ұсынымдарды, кешенді, функционалдық емес сипаттағы басқарушылық міндеттердің дербес шешімдерін қамтиды;

10.7.4 озық ақпараттық технологияларды қолдану арқылы орындалады;

10.7.5 негізгі қорғалатын ережелер бойынша тәжірибелік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерден тұрады.

10.8 Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін докторант жеке жұмыс жоспарын орындау мақсатында академиялық аттестаттаудан өтеді. Докторантты академиялық аттестаттаудан өткізуді университет дербес айқындайды.

10.9 Докторлық диссертацияны орындау ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) кезеңінде жүзеге асырылады.

10.10 Докторлық диссертация мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың ұлттық орталығы жүзеге асыратын басқа авторлардың мәтінінен алынған мәтінді табу тұрғысынан тексеруден өтеді.

10.11 Докторанттың ғылыми зерттеуінің негізгі нәтижелері ғылыми, ғылыми-талдамалық және ғылыми-практикалық басылымдарда «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығына сәйкес жарияланады.

10.12 Оқу жылының соңында докторант жоғары мектеп кеңесінің қарауына ұсынады:

10.12.1 ғылыми кеңесшілердің (оның ішінде шетелдік) қолдарымен расталған докторлық диссертацияны орындау бойынша атқарылған жұмыс туралы жылдық есеп);

10.12.2 ғылыми кеңесшілердің (оның ішінде шетелдік) пікірлері;

10.12.3 кафедраның ғылыми семинарының хаттамасын жазу;

10.12.4 жоғары мектеп кеңесі хаттамасының көшірмесі.

10.13 Ұсынылған құжаттардың негізінде жоғары мектеп кеңесі докторантты аттестаттау және оны келесі оқу курсына ауыстыру немесе қорытынды аттестаттауға жіберу туралы шешім қабылдайды (Қосымша 4).

10.14 Әрбір академиялық кезеңнің соңында ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін докторант есеп түрінде ресімдейді.

10.15 Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының қорытындысы докторлық диссертация болып табылады.

11 Іс-тәжірибені және ғылыми тағылымдаманы ұйымдастыруға қойылатын талаптар

11.1 Іс-тәжірибе ғылыми, кәсіби қызметтің тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі;

11.2 Докторантураның білім беру бағдарламасы мыналарды қамтуы тиіс:

11.2.1 философия докторы бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін - педагогикалық және зерттеу іс-тәжірибелері;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 15 беті

11.2.2 бейіндік докторантура бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін - өндірістік іс-тәжірибе.

11.3 Педагогикалық іс-тәжірибе кезеңінде докторанттар магистратурада сабақ өткізуге міндеттеледі.

11.4 Докторанттың зерттеу іс-тәжірибесі отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерделеу, сондай-ақ тәжірибелік дағдыларды бекіту, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін қолдану, диссертациялық зерттеуде тәжірибелік деректерді өңдеу және түсіндіру мақсатында жүргізіледі.

11.5 Докторанттың өндірістік іс-тәжірибесі оқу процесінде алынған теориялық білімді бекіту және кәсіби деңгейін арттыру мақсатында жүргізіледі.

11.6 Зерттеу және өндірістік іс-тәжірибенің мазмұны докторлық диссертацияның тақырыбымен анықталады.

11.7 Ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-зерттеу жұмысының нәтижелерін докторант оларды өтудің әрбір кезеңінің соңында қысқаша есеп түрінде ресімдейді.

11.8. ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) шеңберінде докторанттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардың немесе қызмет салаларының ұйымдарында, оның ішінде шетелде міндетті түрде тағылымдамадан өту көзделеді.

11.9 Докторанттың шетелдік тағылымдамадан өту мерзімін университет дербес айқындайды, тағылымдаманың ұзақтығы кемінде күнтізбелік 30 күнді құрайды.

11.10 Тағылымдама бағдарламасының мазмұны докторанттың зерттеу бейініне сәйкес келеді.

11.11 Тағылымдама бағдарламасын университет базасында тағылымдама ұйымдастырылған ұйыммен бірлесіп бекітеді (1 Қосымша).

11.12 Тағылымдаманы зерттеу тақырыбы бойынша зерттеулердің және (немесе) жарияланымдардың алдын ала нәтижелері бар адамдар жүзеге асырады.

11.13 Докторант келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

11.13.1 басқарма төрағасы - университет ректорының атына ғылыми жетекшінің, кафедра меңгерушісінің, жоғары мектеп деканының визаларымен қызметтік хат;

11.13.2 шетелдік университеттің, ғылыми ұйымның және/немесе ұйымның тағылымдамадан өтуге шақыру хатының көшірмесі. Шақыру шет тілінде болған кезде шақырудың бейресми аудармасы қоса беріледі;

11.13.3 ғылыми жетекші, кафедра меңгерушісі, жоғары мектеп деканы, басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор және қабылдаушы тараптан тағылымдама жетекшісі куәландырған тағылымдама бағдарламасы және апталық жоспары (1,2 Қосымша).

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 16 беті

11.14 Тағылымдама аяқталғаннан кейін 5 күн өткен соң докторант ғылыми тағылымдамадан өткені туралы есеп беруге міндетті (3 Қосымша).

11.15 Тағылымдама нәтижелері кафедраның ғылыми семинарында қарастырылады.

12 Докторантты қорытынды аттестаттау

12.1 Докторанттардың білімін, іскерлігін, дағдылары мен құзыреттерін бақылау оларды қорытынды аттестаттау кезінде жүзеге асырылады.

12.2 Қорытынды аттестаттау докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 12 академиялық кредитті құрайды және «Дәрежелер беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген дәрежелер беру қағидаларының 5-1-тармағында қойылатын талаптар белгіленген диссертациялық жұмыс немесе мақалалар сериясы нысанында өткізіледі.

12.3 Қорытынды аттестаттаудың мақсаты докторанттың ғылыми-теориялық және зерттеу-аналитикалық деңгейін, қалыптасқан кәсіби және басқару құзыреттерін, кәсіби міндеттерді өз бетінше орындауға және кәсіби стандарттар мен білім беру бағдарламалар талаптарына сай дайындығын бағалау болып табылады.

12.4 Қорытынды аттестаттауға жұмыс оқу жоспары мен жеке оқу жоспарының талаптарына сәйкес білім беру процесін аяқтаған докторанттар жіберіледі.

12.5 Диссертацияларды қорғау білім беру бағдарламалары бойынша Диссертациялық кеңестерде тиісті нормативтік құжаттарға сәйкес белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

13 Докторантураның білім беру мерзіміне қойылатын талаптар

13.1 Докторантурада оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін немесе бейіндік бойынша академиялық кредиттердің белгіленген көлемін игеру және күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу кезінде докторантураның білім беру бағдарламасы толық игерілді деп есептеледі.

13.2 Докторантурада кадрлар даярлау магистратураның білім беру бағдарламалары негізінде екі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

13.2.1 оқу мерзімі үш жылдан кем емес ғылыми-педагогикалық;

13.2.2 бейіндік бағыттың оқу мерзімі кемінде үш жыл.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 17 беті

14 Диссертацияға қойылатын талаптар

14.1 PhD философия докторы дәрежесін алу үшін диссертация - ғылыми жетекшінің және шетелдік консультанттың басшылығымен докторанттың жеке өзі жазған және өз бетінше дайындаған ғылыми-біліктілік жұмысы.

14.2 Диссертациялық жұмыс маңызды ғылыми міндетті шешетін немесе практиканың қажеттіліктерімен анықталатын жаңа өзекті және ғылыми негізделген нәтижелерді қамтуы тиіс.

14.3 Докторанттың ғылыми жұмысы ішкі бірлікке ие болуы және автордың ғылымға қосқан жеке үлесін куәландыруы тиіс. Автор ұсынған жаңа ережелер белгілі шешімдермен салыстырғанда қатаң дәлелденіп, сыни тұрғыдан бағалануы керек.

14.4 Қолданбалы немесе теориялық маңызы бар диссертациялар алынған ғылыми нәтижелерді тәжірибеде пайдалану туралы құжаттық дәлелдемелермен немесе ғылыми қорытындыларды пайдалану жөніндегі ұсынымдармен қоса берілуі тиіс.

14.5 Диссертация келесі формалардың бірінде ұсынылады:

14.5.1 диссертациялық жұмыс;

14.5.2 диссертация мазмұнына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірінен Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша бірінші және (немесе) екінші квартильге кіретін басылымдарда жарияланған кемінде екі мақала және бір шолу немесе үш мақала сериясы. Мақаланың біреуінде докторант үміткер бірінші автор немесе хат-хабарлардың авторы болады.

14.6 Диссертацияда:

14.6.1 бастапқы толық деректерді көрсете отырып, цитата алынған материалдардың немесе жекелеген нәтижелердің көздеріне;

14.6.2 докторант дербес немесе бірлескен авторлықта алған әзірлемелерге арналған қорғау құжаттарына;

14.6.3 дербес немесе өзге авторлармен бірлесіп орындалған диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жұмыстарға;

14.6.4 қолданылған жасанды интеллект технологияларына сілтеме жасалады.

14.7 Диссертацияда плагиат анықталған кезде диссертациялық кеңес немесе Комитет қайта қорғау құқығынсыз теріс шешім қабылдайды.

15 Диссертациялық жұмыстарды алдын ала талқылау және сараптау

15.1 Докторлық диссертацияны алдын ала талқылау және сараптау оқу өткізілген шығарушы кафедраның кеңейтілген отырысында жүзеге асырылады. Жоғары оқу орнының докторанттың кеңейтілген отырыс

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 18 беті

өткізілгеннен кейін диссертацияны талқылаудың басқа нысандарынан міндетті түрде өтуін талап етуіне жол берілмейді.

15.2 Диссертациялық жұмысты алдын ала талқылауға докторантураның білім беру бағдарламаларын толық меңгерген және талаптарына сәйкес орындалған диссертациялық жұмыстарды ұсынған докторанттар жіберіледі. Дәрежелерді берудің 5, 6, 7 ережелері.

15.3 Ғылыми жарияланымдардың дәреже беру қағидаларының 6-тармағына сәйкестігін тексеру мақсатында докторант университеттің ғылым және ғылыми жобаларды коммерцияландыру бөліміне келесі құжаттарды тапсырады:

- диссертациялық зерттеу шеңберінде электрондық және басып шығарылған түрде жазылған жарияланған ғылыми еңбектердің тізімі, сондай-ақ олардың көшірмелері;

- Journal Citation Reports (бұдан әрі-JCR) деректері бойынша журналдарда импакт - фактордың және Web of Science (Clarivate компаниясы) дерекқорларында және(немесе) Scopus дерекқорында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші бар басылымдарда белгілі бір квартильдің болуы туралы ҰМҒТСО-дан анықтама;

15.4 Шығарушы кафедраның кеңейтілген отырысы өткізілгенге дейін 1 (бір) ай бұрын диссертация ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіндік бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіндік бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), докторанттың ғылыми зерттеулер саласындағы бейіндік бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) маманға рецензияға жіберіледі.

15.5 Кеңейтілген отырысқа кафедра мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі), рецензенттер, университеттің ғылыми немесе академиялық кеңесінің мүшелері, ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ аралас (ұқсас) кафедралардың және (немесе) университеттің құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері, практик-мамандар (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысады.

15.6 Консультанттар қатыса алмаған жағдайда, олардың докторанттың диссертациясы бойынша пікірлерін отырыста кафедра меңгерушісі оқиды.

15.7 Диссертацияны кафедраның кеңейтілген отырысында талқылау үшін докторант келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) диссертация түптелмеген түрде (егер диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайда);

- 2) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері (мемлекеттік құпияларды қамтитын диссертациялар үшін, отандық кеңесшілердің пікірі);

- 3) ғылыми еңбектерінің тізімі және олардың көшірмелері;

- 4) Journal Citation Reports (бұдан әрі-JCR) деректері бойынша журналдарда импакт - фактордың және Web of Science (Clarivate

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 19 беті

компаниясы) дерекқорында белгілі бір квартильдің және(немесе) Scopus дерекқорында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші бар басылымдарда болуы туралы ҰМҒТСО-дан анықтама.

5) жоғары білім және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың, оларға қосымшалардың көшірмелері (транскрипт көшірмесі), нотариалды куәландырылған;

6) тақырыпты және ғылыми кеңесшілерді бекіту туралы хаттамадан (бұйрықтан) үзінді;

7) докторант университеттің этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және нәтижелерін тарату процесінде бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы.

15.8 Диссертацияны орындау орны бойынша кафедраның кеңейтілген отырысында талқылау мыналарды қамтиды:

1) отырыс төрағасының ақпараты (диссертациялық зерттеу тақырыбының бекітілген күнін, ғылыми консультанттарды, рецензенттерді, докторантура бағдарламасы шеңберінде ғылыми тағылымдамадан өту мерзімі мен орнын көрсетеді);

2) докторанттың баяндамасы (15-20 минуттан аспайды);

3) кафедраның кеңейтілген отырысына қатысушылардың сұрақтары, докторанттың жауаптары;

4) шетелдік кеңесші болмаған жағдайда ғылыми кеңесшілердің сөз сөйлеуі, оның пікірін жария ету;

5) рецензенттердің сөйлеген сөздері;

6) рецензенттердің ескертулеріне және олардың тілектері мен ұсынымдары бойынша тұжырымдарға докторанттың жауаптары;

7) кафедраның кеңейтілген отырысына қатысушылардың пікірталасы;

8) қорытындыны қабылдау ашық дауыс беру арқылы, жай көпшілік дауыспен жүзеге асырылады;

9) кафедра отырысын отырыс хатшысы хаттамалайды.

15.9 Кеңейтілген отырысқа қатысушылар диссертациялық жұмысты дербестік, ішкі бірлік, ғылыми жаңашылдық, нақтылық және практикалық құндылық, сондай-ақ ғылыми дәрежелер беру қағидаларының 5-тармағына сәйкес Академиялық адалдық қағидаттарының сақталуына сәйкестігін тексереді;

15.10 Диссертация бойынша қорғауға ұсыным немесе ұсыным берілмегені туралы қорытынды кафедра отырысының хаттамасы түрінде ресімделеді, оған отырыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды.

Қорытындыда: зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми нәтижелер, олардың негізділігі мен жаңалығы, ғылыми нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы, олардың анықтық дәрежесі, докторанттың ғылыми нәтижелерді алуға жеке қатысуы, қорғауға шығарылатын ережелердің

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 20 беті

дәлелділігі, диссертация материалдарының ғылыми басылымдарға жариялануының толықтығы, дәрежелерді беру Ережелерінің 6-тармағының талаптарына сәйкес, ескертулер мен ұсыныстар, қорғауға ұсынымдар немесе ұсынымдар туралы қорытынды.

15.11 Кеңейтілген отырыстың оң қорытындысын алғаннан кейін докторант басқарма төрағасы-ректорына қорғалатын диссертациялық кеңесті таңдау туралы өтініш береді. Егер докторант басқа университеттің диссертациялық кеңесін көрсеткен жағдайда, онда докторант оқыған университет 10 (он) жұмыс күні ішінде оның құжаттарын диссертациялық кеңеске жібереді.

16 Жауапкершілік және өкілеттіктер

16.1 PhD докторанттарын және бейіні бойынша докторанттарды даярлау процесіне ғылыми консультанттар, декандар және кафедра меңгерушілері, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің бастығы, академиялық мәселелер жөніндегі проректор жауапты болады.

17 Өзгерістер

17.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылық өкілінің рұқсаты бойынша жүзеге асырылады және өзгеріс туралы хабарлама түрінде оның қолы қойылып, құжатпен ресімделеді. Өзгерту туралы хабарлама парағы белгіленген нысанға сәйкес ресімделеді және осы тармақ орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі, түпнұсқаға және ескерілген жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ШҚУ 001-20 ҚР талаптарына сәйкес жүргізіледі. Сақтауға берілген Е-ге өзгерістер туралы хабарламаны шығаруды тек әзірлеуші бөлімше ғана жүргізеді. Е-дегі өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағына міндетті түрде белгі қоя отырып, ҚББ енгізеді;

17.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізгені үшін СХҚЖАБ және ҚББ жауапты болады;

17.3 Е-ні үш жылдан кем емес бір рет ҚББ қайта қарау кезінде тексерулердің кезеңділігі туралы тізімге міндетті түрде жазба енгізілген;

17.4 Е-ге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылуы мүмкін:

- нормативтік құқықтық актілерге жаңадан енгізілген заң күші бар өзгерістер мен толықтырулар;
- басқарма төрағасы-ректордың бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;
- сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі бойынша басшылық өкілінің рұқсатымен өзгерістер енгізу себептері көрсетілген ҚББ қызметтік жазбасы;

17.5 Бөлімшенің атауы өзгерген кезде Е ауыстырылуы тиіс;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 21 беті

17.6 Ауыстырылған жағдайда университеттегі күші жойылған Е даналарының барлығы алынып, жаңасына ауыстырылуы тиіс;

17.7 Күші жойылған Е ауыстыру және алып қою үшін жауапкершілік ҚББ және СХҚЖАБ жауапты;

17.8 Жарамсыз Е-ні «Күші жойылды» деген жазу бар, оның күшін жою үшін негіздер, күні, «Күші жойылды» деген жазба жасаған адамның қолы көрсетілген және мұрағатқа қойылған. Мұрағат құжаттары жұмыс үшін пайдаланылмайды.

18 Келісу, сақтау және тарату

18.1 ҚР нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Е-ні үйлестіруді ҚББ жүзеге асырады;

18.2 Е-ні ҚББ әзірлейді;

18.3 Е-мен келісіледі:

- СІҚҚЖЖБӨ;
- осы құрылымдық бөлімге тікелей жауапты академиялық мәселелер жөніндегі проректор;
- Академиялық саясат және білім беру бағдарламаларының басқару департаментінің директорымен;
- СХЫЖАБ жетекшісімен;
- құжаттама және бақылау бөлімінің жетекшісі;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің жетекшісі - комплаенс-офицермен;
- заңгер-кеңесшімен.

18.4 басқарма төрағасы-ректор бекітеді және ол жойылғанға дейін жарамды;

18.5 Е түпнұсқасы құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінде сақталады, оның сақталуына құжаттық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бастығы жауап береді;

18.6 Е-нің түпнұсқасының танысу парағына қол қоя отырып, құрылымдық бөлімшенің барлық қызметкерлерінің Е мазмұнымен жеке танысқаны үшін ҚББ жауапты болады;

18.7 Е ескерілген жұмыс даналарын таратуды Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі жүзеге асырады.

18.8 Бөлімшеде есепке алынған жұмыс данасын сақтау үшін жауапкершілік ҚББ -ге жүктеледі.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 22 беті

ӘЗІРЛЕДІ:

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білім беру бөлімінің жетекшісі



Т.А. Абылайханова

КЕЛІСІЛДІ:

Сапаны ішкі қамтамасыз ету
жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі



И.В. Ровнякова

Академиялық саясат және білім беру
бағдарламаларын басқару
департаменті директоры



Е.Ə. Қайырбеков

Құжаттамалық қамтамасыз ету және
бақылау бөлімінің жетекшісі



И. Сакалбаева

Персонал және құқықтық қолдау
басқармасы жетекшісінің уақытша м.а.



К.Р. Раисова

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс
қызметінің жетекшісі-комплаенс-офицер



Қ.Е. Жексембаев

Заңгер-кеңесші



Д.М. Раева

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 23 беті

Қосымша 1

«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ

«Келісілді»

Қабылдаушы ұйымнан жетекші
_____ ТАӘ
«_____» _____ 202__ г.

«Бекітілді»

Басқарма төрағасының орынбасары-
стратегиялық даму және халықаралық
қатынастар жөніндегі проректор
_____ ТАӘ
«_____» _____ 202__ г.

ДОКТОРАНТТЫҢ ТАҒЫЛЫМДАМАН ӨТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Докторант

Білім беру бағдарламасы

Ғылыми кеңесші

Шетелдік ғылыми кеңесші

Тағылымдамадан өту орны

Ғылыми тағылымдама мерзімі

«_____» _____ «_____» _____
_____ 20__ г.

Өскемен, 20__ ж.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 24 беті

1 Оқу жұмысы

Өткен пәндерді жазу қажет (соның ішінде курстың толық атауы, кредиттер саны, профессордың аты жөні), қандай нәтижеге қол жеткізілгенін көрсетіңіз.

2 Ғылыми-зерттеу жұмысы

Бұл бөлімде мыналар көрсетілуі керек:

- күтілетін нәтижелердің өзектілігі мен практикалық маңыздылығы;
- жоспарланған ғылыми-зерттеу жұмысының көлемі мен түрлері (докторанттың жеке жоспарына сәйкес);
- ғылыми-зерттеу жұмысының мәні, әдістемесі және негізгі күтілетін нәтижелері;
- шешілетін ғылыми міндеттің қазіргі жай-күйін бағалау;
- тақырыпты әзірлеуге арналған негізгі және бастапқы деректер;
- зерттеу әдістері;
- күтілетін зерттеу нәтижелерін және жоспарланған қорытындыларды қорытындылау.

3 Ғылыми семинарларға, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, ғылыми басылымдарда жарияланымдарға қатысу.

4 Қосымша жұмыс түрлері

Күні «___» _____ 202___ ж.

Докторант _____

(қолы) (докторанттың ТАӘ)

Ғылыми кеңесші _____

(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

(қолы)

(аты-жөні)

Шетелдік ғылыми кеңесші _____

(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

(қолы)

(аты-жөні)

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 26 беті

Докторанттың тағылымдама жоспары

(докторанттың аты-жөні)

(курстың, ұйымның, қаланың және елдің атауы)

«__» _____ 20__ ж. «__» _____ 20__ ж.

№	Жұмыс түрі	Жауапты тұлға	Орындалу мерзімі	Есеп түрі
	Экскурсия		01.06.202__	Фото
	Мұражайға бару			Фото
	Кітапханадағы жұмыс		1-5.06.202__	Диссертация тақырыбы бойынша әдебиеттер мен материалдар тізімі
	Кафедра құжаттарымен танысу	Каф. меңгерушісі		
	Сабаққа қатысуы	Лектор п.ғ.д.		
	Дәрістіндеуі			

Күні «__» _____ 202__ ж.

Докторант

(қолы) (докторанттың ТАӘ)

Ғылыми кеңесші

(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

(қолы)

(аты-жөні)

Шетелдік ғылыми кеңесші

(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

(қолы)

(аты-жөні)

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 27 беті

Қосымша 3

«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ

ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАН ӨТУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Докторант

Білім беру бағдарламасы

Тағылымдамадан өту орны

Ғылыми кеңесші

Шетелдік ғылыми кеңесші

Ғылыми тағылымдама мерзімі

(ТАӨ., лауазымы, университет мөрі)

«____» _____ «____» -
_____ 20 ____ ж.

Өскемен, 20 ____ ж.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 28 беті

1. Тағылымдама кезінде жеке жұмыс жоспары негізінде диссертация (жоба) тақырыбы бойынша ғылыми тағылымдамадан өту туралы есеп (көлемі 2-3 бет), білім алушылардың, ғылыми жетекшілердің, меңгерушілердің және қабылдаушы тараптардың қолдары қойылады.

Ғылыми және зерттеу тағылымдамасының есебінде мынадай тармақтар көзделуі тиіс:

- өткен жері, ел,
 - ұйым,
 - тағылымдама мерзімі,
 - тыңдаған курстардың тақырыбы,
 - тыңдалған курстардың өзектілігі мен жаңалығы,
 - тағылымдаманың мақсаты,
 - диссертация (жоба) үшін алынған материалдар.
2. Есепке тағылымдамадан өткені туралы құжаттың көшірмесі (сертификаттың, анықтаманың көшірмесі) қоса берілсін, бір данасы жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөліміне тапсырылсын.
3. Шығыстарды растайтын қаржылық құжаттар (билеттер, түбіртектер) – келген күннен бастап 5 күн ішінде бухгалтерияға;
4. Тағылымдама кезінде түсірілген фотосуреттер (кемінде 3 дана)
5. Тағылымдамадан өту туралы сайтқа ақпарат.

Күні «___» _____ 202__ ж.

Докторант

(қолы)

(докторанттың ТАӘ)

Ғылыми кеңесші

(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

(қолы)

(аты-жөні)

Шетелдік ғылыми кеңесші

(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

(қолы)

(аты-жөні)

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 28 беті

1. Тағылымдама кезінде жеке жұмыс жоспары негізінде диссертация (жоба) тақырыбы бойынша ғылыми тағылымдамадан өту туралы есеп (көлемі 2-3 бет), білім алушылардың, ғылыми жетекшілердің, меңгерушілердің және қабылдаушы тараптардың қолдары қойылады.

Ғылыми және зерттеу тағылымдамасының есебінде мынадай тармақтар көзделуі тиіс:

- өткен жері, ел,
- ұйым,
- тағылымдама мерзімі,
- тыңдаған курстардың тақырыбы,
- тыңдалған курстардың өзектілігі мен жаңалығы,
- тағылымдаманың мақсаты,
- диссертация (жоба) үшін алынған материалдар.

2. Есепке тағылымдамадан өткені туралы құжаттың көшірмесі (сертификаттың, анықтаманың көшірмесі) қоса берілсін, бір данасы жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөліміне тапсырылсын.

3. Шығыстарды растайтын қаржылық құжаттар (билеттер, түбіртектер) – келген күннен бастап 5 күн ішінде бухгалтерияға;

4. Тағылымдама кезінде түсірілген фотосуреттер (кемінде 3 дана)

5. Тағылымдамадан өту туралы сайтқа ақпарат.

Күні «___» _____ 202__ ж.

Докторант

(қолы)

(докторанттың ТАӘ)

Ғылыми кеңесші

(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

(қолы)

(аты-жөні)

Шетелдік ғылыми кеңесші

(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

(қолы)

(аты-жөні)

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 29 беті

Қосымша 4

**«С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ**

_____ жоғары мектебі
_____ кафедрасы

«Бекітілді»

_____ жоғары мектебінің деканы

_____ ТАӘ
« _____ » _____ 202__ ж.

Докторанттың 202__ - 202__ оқу жылындағы
ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша

АТТЕСТАЦИЯЛЫҚ ЕСЕП

Докторант

Мамандығы

Докторантурадағы оқу мерзімі
(Ph.D)

Отандық ғылыми кеңесшісі

Шетелдік ғылыми кеңесшісі

Диссертацияның тақырыбы

Өскемен қаласы, 202__ ж.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 30 беті

I. ОҚУ ЖҰМЫСЫ

II. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

III. ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ ҒЫЛЫМИ ЖАРИЯЛАНЫМДАР


IV. ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫС

Күні «___» _____ 202__ ж.

Кафедра меңгерушісі «_____» _____
(қолы) (аты-жөні)

Докторант _____
(қолы) (докторанттың ТАӘ)

Ғылыми кеңесші _____
(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы) (қолы) (аты-жөні)



**Келесі тексеру
мерзімі 2028 ж.**

ШКУ Е 019-25

33 беттің 31 беті

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

[illegible]

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2028 ж.
	Философия докторларын (PhD) және бейіні бойынша докторларды даярлау тәртібі туралы	ШҚУ Е 019-25	33 беттің 33 беті

МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУЛЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ПАРАҒЫ

[illegible]